- Назар аударыңыз: электр тогы соқпас үшін теледидардың артқы панелін ашпаңыз. Құрылғы корпусында пайдаланушы жұмыс істей алатын жабдық жоқ. Барлық техникалық қызмет көрсету мәселелері бойынша білікті мамандарға хабарласыңыз.
- Назар аударыңыз: өрт немесе электр тогы соғуын болдырмас үшін құрылғыға ылғал тиюіне жол бермеңіз.
- Құрылғыға не адаптерге су (тамшы, бүркінді) тиюіне жол бермеңіз, сұйықтығы бар заттарды (мысалы, вазаларды) құрылғыға қоймаңыз.
- Құрылғыны күн сәулесінің тікелей түсуінен және жылытқыштар мен пештер сияқты жылу көздерінен қорғаңыз.
- Теледидар корпусындағы желдеткіш саңылауларды жаппаңыз, себебі олар желдетуді қамтамасыз етуге арналған. Желдеткіш саңылаулар жабылып қалмауы үшін, теледидарды жұмсақ беттерге (мысалы, жастықтарға, диванға) орналастырмаңыз.
- Түпқоймаға, штативке, кронштейнге немесе үстелге олар орнықсыз болған жағдайда құрылғыны орнатпаңыз. Құрылғы құлауы ықтимал бұл – оның зақымдалуына немесе адамның жарақат алуына алып келуі мүмкін.
- Құрылғының панеліне немесе рамасына ауыр немесе өткір заттар қоймаңыз.
- Құрылғыны пайдаланбайтын болсаңыз, оны қуат көзінен ажыратыңыз.
- Құрылғыны пайдаланбайтын болсаңыз, қорегін өшіріңіз.
- Батареяларды утилизациялау талаптарына назар аударыңыз.
- НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: Батареяларды жылу көздеріне, отқа жақын және күн сәулесі тікелей түсетін, т.с.с. жерлерге орналастырмаңыз.
- НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: Құлаққаптардағы немесе колонкалардағы шамадан тыс қысым есту қабілетінен айырылуға себеп болуы мүмкін.
- НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: түпнұсқалық қосалқы/қосымша құрылғыларды пайдаланыңыз.



Бұл белгі ЕО аумағында құрылғыны басқа тұрмыстық қалдықтармен бірге утилизациялауға болмайтынын білдіреді. Дұрыс емес утилизациялау салдарынан қоршаған ортаға немесе адамдардың денсаулығына ықтимал зарар келтірмес үшін және өңделген материалды қайтара пайдалануды қамтамасыз ету үшін, тиісті қайта өңдеуге көңіл бөліңіз. Пайдаланылған құрылғыны қайтару үшін, қайтару және жинау орталықтарына немесе құрылғыны сатқан сатушыға хабарласыңыз. Осылайша құрылғыны экологиялық қауіпсіз қайта өңдеуге бағыттауға болады.




САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ



Назар аударыңыз



Жоғары кернеу пайдаланылады. Теледидардың артқы панелін ашпаңыз. Барлық техникалық қызмет көрсету мәселелері бойынша білікті мамандарға хабарласыңыз.



Назар аударыңыз



Өрт шығуын немесе электр тогынан зақымдануды болдырмас үшін, теледидарға су тиюіне жол бермеңіз.



Назар аударыңыз




Теледидар корпусына және желдеткіш саңылауларына бөгде заттарды түсіріп алмаңыз және тықпаңыз. Теледидарға ылғал тиюіне жол бермеңіз.



Назар аударыңыз



Теледидардың артқы қақпағындағы желдеткіш саңылауларды жаппаңыз. Тиісті желдету электр құрамдас бөліктердің бұзылуының алдын алады.



Назар аударыңыз



Теледидарды қорек бауының үстіне қоймаңыз.



Назар аударыңыз



Теледидарға немесе теледидар түпқоймасына шықпаңыз, сүйенбеңіз және оны итермеңіз. Балаларды әрекеттерден сақтандырыңыз. Теледидардың құлауы ауыр жарақат алуға апарып соғуы мүмкін.



Назар аударыңыз




Теледидарды орнықсыз түпқоймаға, сөреге немесе үстелге орналастырмаңыз. Теледидардың құлауы ауыр жарақат алуға және құрылғының зақымдалуына апарып соғуы мүмкін.



Назар аударыңыз



Теледидарды ұзақ уақыт бойы қолданбайтын болсаңыз, оны қорек көзінен ажыратып тастаңыз.



Назар аударыңыз



Егер теледидарды жиһазға немесе сол сияқты конструкцияға монтаждағыңыз келсе, тиісті минималды аралықты сақтаңыз. Жылу шығару қауіпті болуы және теледидарыңыздың қызмет ету мерзімін қысқартуы мүмкін.

02 Кіріспе

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Теледидардың ішкі құрамдас бөліктерімен немесе нұсқаулықта ескертілмеген басқа да реттеуіш құрылғылармен ешқандай әрекет орындамаңыз. Жарықдиодты жарықтандыруы бар теледидардың барлығы жоғары кернеулі электр жабдығы болып табылады.

ЭКРАННАН, КОРПУСТАН, түймелердің айналасынан немесе қосқыш кабельден шаңды немесе су тамшыларын сүрткенде теледидар қорек көзінен ажыратулы болуы керек. Теледидарды жұмсақ, құрғақ әрі таза матамен сүртіңіз.

Найзағай ойнағанда антеннаны өшіріңіз, сондай-ақ, теледидар немесе оған қосылған басқа да құрылғылардың зақымдалуын болдырмас үшін, теледидарды қорек көзінен ажыратыңыз.

Теледидарды тек білікті мамандар жөндеуі тиіс.

ОРНАТУ

*Теледидарды экранына күн сәулесі тікелей түспейтіндей етіп орналастырыңыз.

*Жарықтың мүлде болмауы немесе жарықтың экранға шағылысуы көзге күш түсіруі мүмкін. Для комфортного просмотра рекомендуется мягкое освещение. Теледидар қарау жайлы болуы үшін жұмсақ жарықтандыру ұсынылады.

*Теледидарды қабырғаға тақап қоймаңыз. Желдетуді қамтамасыз ету үшін орын қалдырыңыз.

*Корпустың зақымдалуын немесе теледидардың ішкі құрамдас бөліктерінің уақытынан бұрын бұзылуын болдырмас үшін, жоғары температураның әсер етуіне жол бермеңіз.

*Теледидар жұмыс істеп тұрғанда желдеткіш саңылауларды жаппаңыз.

НЕГІЗГІ СИПАТТАМАЛАРЫ

1. Теледидар, видео қарауға арналған экран, компьютер экраны ретінде пайдалану мүмкіндігі; Жоғары деңгейдегі жарықтылық, кең көру бұрышы;
2. HDMI және SCART интерфейстері;
3. NICAM жүйесі;
4. Timeshift функциясы;

НЕГІЗГІ ПАРАМЕТРЛЕРІ

Экран	22"
Телевизиялық жүйе	PAL-B/G,I,D/KSECAM-B/G,D/K,L,L"
Видеосигнал жүйесі	PAL/SECAM
Кіріс қуаттылығы	Қорек 220-240 В 50/60 Гц
Электр қуатын тұтынуы	38 Вт
Сақтау режимінде тұтынатын қуаттылық	< 0,5 Вт
Дыбыстың шығу қуаттылығы (СКГ≤7%)	2х3Вт
Сигнал енуі	Аналогтық RGB(PC) x1; PC аудио x1Ажыратымдылығы жоғары мультимедиялық интерфейс (HDMI) x 1Видеосигнал енуі x 1Аудиосигнал енуі x 1YPb Pr x 1SCART x 1CI x 1USB x 1RF Co-Ax x 1
Сигнал шығуы	Құлаққаптар x 1
Келденең ажыратымдылығы	Толық видеосигнал енуі ≥350YPb Pr ≥400


КОМПЬЮТЕР

АЛДЫН АЛА БАПТАУ РЕЖИМІ


	АЖЫРАТЫМДЫЛЫҚ	ТІК ЖАЙМА ЖИІЛІГІ (ГЦ)	КӨЛДЕНЕҢ ЖАЙМА ЖИІЛІГІ (ГЦ)
1	640x480	60	31,47
2	800x600	60	37,88
3	1024x768	60	48,36
4	1360x768	60	47,7
5	1280x1024	60	63,98
6	1920x1080	60	66,64

ТҮПҚОЙМАНЫ ЖИНАУ БОЙЫНША НҰСҚАУЛЫҚ

1. Түпқоймаға тағанды көрсеткі бағытымен енгізіп, винтпен бекітіңіз.



2. Жиналған тағанды теледидардың артқы панеліне көрсеткі бағытымен енгізіп, винтпен бекітіңіз.



ОРНАЛАСТЫРУ БОЙЫНША КЕҢЕСТЕР

Теледидарды экранына күн сәулесі тікелей түспейтіндей етіп орналастырыңыз. Жарықтың мүлде болмауы немесе жарықтың экранға шағылысуы көзге күш түсіруі мүмкін. Теледидар қарау ыңғайлы болуы үшін жұмсақ жарықтандыру ұсынылады.


Теледидарды қабырғаға тақап қоймаңыз. Желдетуді қамтамасыз ету үшін орын қалдырыңыз.

Корпустың зақымдалуын немесе теледидардың ішкі құрамдас бөліктерінің уақытынан бұрын бұзылуын болдырмау үшін жоғары температураның әсер етуіне жол бермеңіз.


ҚАБЫРҒА МОНТАЖЫ

Қабырға монтажі келесі жолмен іске асырылады:


1. Жарықдиодты жарықтандыруы бар теледидарды қатты жерге орналастырыңыз. Экранды зақымдалудан сақтау үшін, оған жұмсақ материал қойыңыз.
2. Теледидардың түпқойма құрылғыға бекітілетін төменгі жағынан винтті алып тастап, түпқойманы ажыратыңыз (оны алдағы қолданыс үшін қауіпсіз жерде сақтаңыз).



3. Теледидарды оның артқы панеліндегі төрт стандартты саңылау көмегімен кронштейнге (жинаққа кірмейді) бекіту үшін, жинаққа кіретін төрт винтті пайдаланыңыз.




АЛДЫҢҒЫ БАСҚАРУ ПАНЕЛІ



1. Фотоқабылдағыш терезесі
2. Жарықдиодты индикатор: көгілдір – теледидар қосулы; қызыл – теледидар желіге қосулы
3. Түймелер

1. **SOURCE** – кіріс сигналы менюін шығару түймесі
2. **MENU** – негізгі менюді шығару түймесі
3. **CH+/ CH-** қарау режимінде бұл түймелер келесі/ алдыңғы бағдарламаға ауысу үшін қызмет етеді; МЕНЮ режимінде олар таңдауды іске асыру үшін қызмет етеді; егер теледидар қорекке қосулы болса, бұл түймелерді қосу үшін пайдалануға болады.
4. **VOL+/ VOL-** дыбыс деңгейін реттеу түймелері; МЕНЮ режимінде олар таңдалған параметрді реттеу үшін қызмет етеді.
5. **STAND BY** – теледидар желіге қосулы.

ТЕЛЕДИДАРДЫҢ АРТҚЫ ЖӘНЕ БҮЙІР ПАНЕЛЬДЕРІНДЕГІ ҰЯЛАР



1. Видео	кіріс	6. YPbPr	кіріс
2. Оң/сол жақ аудио	кіріс	7. Құлаққаптар	аналогтық аудио шығыс
3. SCART	кіріс	8. Компьютерді қосқанда дыбыстық сигнал беруге арналған кіріс	кіріс
4. USB	кіріс	9. Компьютерді қосу (D типті 15 қадауышты кабель)	кіріс
5. HDMI	кіріс	10. RF (антенна)	кіріс

НАІЕР ТЕЛЕДИДАРЫН ҚОСУ

АНТЕННАНЫ ҚОСУ

Антеннаны теледидардың артқы жағындағы ұялар панелінде орналасқан ANTENNA IN ұяшығына енгізіңіз.

СИГНАЛДЫ ЖАҚСARTY

Сигнал нашар жерлерде кескін сипатын жақсарту үшін сигнал күшейткішін (жеткізу жинағына кірмейді) қолданыңыз.

КОМПЬЮТЕРДІ ТЕЛЕДИДАРҒА ҚОСУ

Теледидарды компьютерге арналған монитор ретінде пайдалануға болады, бұл үшін оны VGA кабелінің (жеткізілім жинағына кірмейді) көмегімен қосу керек.

1. Компьютер нұсқаулығын оқып шығып, VGA ұясының бар-жоғын анықтаңыз.
2. Теледидар мен компьютерді желіден ажыратыңыз.
3. D типті 15 қадауышты кабельді компьютердегі VGA видеоинтерфейс ұясына қосыңыз. Кабельдің екінші ұшын теледидардағы интерфейс ұясына қосыңыз. VGA ұяларындағы винттерді бекітіп, аудио кабельді (жеткізілім жинағына кірмейді) теледидардың артқы панеліндегі ұяға қосыңыз.
4. Алдымен теледидарды, сосын компьютерді қосыңыз.
5. Теледидардағы немесе қашықтықтан басқару пультіндегі кіріс видеосигналын баптау түймесін басыңыз.
6. Анық кескінге қол жеткізу үшін компьютер мониториның ажыратымдылығын өзгертіңіз, басқа жаңарту жиілігін таңдаңыз немесе менюде жарқындық пен контрасты реттеңіз.

DVD-ОЙНАТҚЫШТЫ НЕМЕСЕ ВИДЕО-МАГНИТОФОНДЫ ТЕЛЕДИДАРҒА ҚОСУ

DVD-ойнатқышты немесе видеомагнитофонды теледидарға қосудың екі тәсілі бар. Қоспас бұрын теледидар мен қосылатын құрылғының өшірулі екеніне көз жеткізіңіз.

1. DVD-ойнатқыштың немесе видеомагнитофонның аудио- және видеокабелін теледидардағы AV IN ұясына енгізіңіз.
2. Аудиокабельдің оң және сол ашасын сәйкес ұяшыққа енгізіңіз (8)

AV режимін таңдау үшін кіріс видеосигналды баптау түймесін (SOURCE) басыңыз.

SCART ҰЯСЫ

1. Сыртқы құрылғының (DVD-ойнатқыш, телевизиялық немесе ойын приставкасы) SCART бауын теледидардағы SCART штепсельдік ұясына жалғаңыз.
2. SOURCE түймесін басып, SCART режимін таңдаңыз.
3. Сыртқы құрылғыдағы PLAY (Бастау) түймесін басыңыз.


HDMI ҰЯСЫ

1. HDMI құрылғысынан кабельді теледидардағы HDMI ұясына жалғаңыз.
2. SOURCE түймесін басып, HDMI режимін таңдаңыз.
3. HDMI құрылғысын пайдалану бойынша нұсқаулықпен танысыңыз.


ҚҰЛАҚҚАПТАРҒА АРНАЛҒАН ҰЯ

Құлаққаптар ұясын құрылғыдағы тиісті ұяға (HEADPHONE) енгізіңіз. Енді құлаққаптар қосулы.

03 Қашықтықтан басқару пульті



ҚБ пультіне батареяларды орнату



1. Батареяларға арналған бөлімше қақпағын ашыңыз.
2. AAA типті екі батареяны полярлығын сақтап орнатыңыз.
3. Батареяларға арналған бөлімше қақпағын жабыңыз. Батареяларды келесі жағдайда ауыстырыңыз: ҚБ пультінің жұмысында ақау бар; теледидарды ҚБ пультімен басқару мүмкін емес.

Ескерту:

1. Сілтілік батареяларды қолдану ұсынылады.
2. Батареялар жұмыс істемесе немесе ҚБ пультің ұзақ уақыт бойы қолданбайтын болсаңыз, пайдаланылған батареяларды шығарып қойыңыз.

- 1 **ҚОРЕК:** теледидарды қосу немесе күту режиміне ауыстыруға арналған.
- 2, 13, 14, 30, 40: СИГНАЛ КӨЗІН АУЫСТЫРУҒА АРНАЛҒАН ЖЫЛДАМ ПЕРНЕЛЕР.
Қажетті сигнал көзіне ауысу.
- 3 **Кескін режимі:** кескін режимін қосуға арналған.
- 4 **БЕКІТУ:** қарап отырған кескінді бекітуге арналған.
- 5 **АРНАЛАР ТІЗІМІ:** арналар тізімін көрсету.
- 6 **ТАЙМЕР:** теледидарды өшіру таймері.
- 7 **Бағдарламалар номерлері:** арнаға өту.
- 8 **СИГНАЛ КӨЗІ:** сигнал көзін таңдау.
- 9 **ДЫБЫСТЫ ҚОСУ/ӨШІРУ**
- 10 **Дыбысты басқару:** дыбыс деңгейін баптау.
- 11 **МЕНЮ:** менюді шақыру
- 12 **OK:** таңдауды растау
- 15 **TV:** теледидар қарау режимін қосу
- 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27: Телемәтін режимі (келесі бетті қараңыз)
- 31 **ЖОҒАРЫ, ТӨМЕН, СОЛҒА, ОҢҒА КӨРСЕТКІЛЕРІ:** позицияны таңдау
- 32 **ШЫҒУ:** алдыңғы менюге қайту түймесі
- 33 **Бағдарламаны таңдау:** келесі/алдыңғы арнаны таңдау үшін түймелерін басыңыз.
- 34 **ОРАЛУ:** алдыңғы арнаға оралу түймесі.
- 35 **КӨРСЕТУ:** бағдарлама туралы қосымша ақпаратты қосу және өшіру түймесі.
- 36 **I/II:** Nicam режиміне ауысу түймесі. Тек осы режимде трансляцияланатын бағдарламаларға арналған.
- 37 **пайдаланылмайды**
- 38 **АРАҚАТЫНАС:** кескін форматын баптау: 16:9, 4:3
- 39 **ДЫБЫСТЫҚ РЕЖИМ:** дыбыстық режимді таңдау

USB ТҮЙМЕЛЕРІ

16. **АЛДЫҒА АЙНАЛДЫРУ**
17. **АРТҚА АЙНАЛДЫРУ**
26. **АЛДЫҒА**
27. **АРТҚА**
28. **ТОҚТАТУ**
29. **ОЙНАТУ/КІДІРТУ**

ҚАШЫҚТЫҚТАН БАСҚАРУ ПУЛЬТІ

ТЕЛЕМӘТІН

Телемәтін ақпараттық жүйе болып табылады, ол белгілі бір арналарда трансляцияланады және оны газет сияқты оқуға болады. Ол есту қабілетінде кемістігі бар және трансляцияланатын тілді меңгермеген адамдар үшін субтитрлерді қамтиды (кабельдік желілер спутниктік арналар және т.б.).

ТҮЙМЕ:	ФУНКЦИЯЛАРЫ:
TEXT	Телемәтін режимін қосу не өшіру үшін пайдаланылады. Қосқанда экранда қолжетімді беттер тізімі пайда болады. Әр беттің үш санның тұратын номері бар. Егер таңдалған арна телемәтін трансляцияламайтын болса экранда 100 номерімен бос бет пайда болады (бұл жағдайда телемәтін режимінен шығып, басқа арнаны таңдайсыз).
БЕТТІ ТАҢДАУ CH+  CH- 	Жоғары/төмен түймелерін пайдалану арқылы қажетті беттің номерін енгізіңіз. Мысалы: Егер 120-бет қажет болса, 120 санын енгізіңіз. Бет номері жоғарғы сол жақ бұрышта көрсетіледі, бет номерін енгізген соң ол экранға шығады. Басқа бетті таңдау үшін осы операцияны қайталаңыз. Егер номерді енгізген соң да бет көрсетілмесе, демек, ол трансляцияланбайды. Басқа номерді таңдаңыз.
БЕТТЕРГЕ ЖЫЛДАМ ҚАТЫНАУ 	Схемадағы индикаторлар түсі беттің төменгі жағындағы индикаторлар түсіне сәйкес келеді. Төрт түрлі түсті түйме сәйкес беттерге қатынауға пайдаланылады. Индикаторлар бет уақытша қатынауысyz болған жағдайда жанады.
INDEX	Мазмұны бар бетке оралу түймесі (әдетте № 100 бетке)
SUB PAGE	Кейбір беттердің қосымша қойындылары бар, олар экранға автоматты түрде кезек-кезек шығады. Бұл түйме қойындыларды өткізіп жіберу не қайтару үшін пайдаланылады. Функция жоғарғы сол жақта көрсетіледі.
HOLD	Бұл түйме бетті бекіту үшін пайдаланылады.
REVEAL	Бұл түйме жасырылған кескіндерді көрсетеді (ойындардың шешімдері).
LIST	Пайдаланушы төрт бетті таңдаулы ретінде таңдап, түсі әр түрлі төрт түймеге бекіте алады. Тізім режимінде бұл түймелерді жылжу үшін пайдалануға болмайды. Таңдаулы беттердің номерлерін жүйелік бағдарламалық жасақтама көмегімен әр арна үшін ұзақмерзімді жадыға сақтау не одан жою керек.
SIZE	Бетті үлкейтуге арналған түймелер.
MIX	Телемәтінге мөлдір фон орнатуға арналған түймелер.

04 Функциялар


ОРНАТУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ

1. АРНАЛАР МЕНЮІ

МЕНЮ алғашқы пункті – арналар менюі (тек теледидар қарау режимінде)

Бұнда арналарды таңдауға/іздеуге және бағдарламаларды өңдеуге болады.

▼▲ түймелерін – іздеу параметрлерін таңдау, ОК түймесін – таңдауды растау, ал ◀▶ түймелерін таңдалған параметрлерді баптау мақсатында пайдаланыңыз.



1). Авто іздеу:


Барлық арналарды автоматты түрде баптайды.

2). Дыбыс жүйесі:

Дыбыс баптауларын өзгертуге болады.

3). Өз бетіңізбен баптау:

Арналарды тауып, таңдалған арнаны баптауға және сақтауға болады.



ЕСКЕРТУ:

Арналарды өз бетіңізбен баптағаннан кейін сақтау үшін қызық түймені басыңыз.

4). Бағдарламаларды реттеу:

Кез келген бағдарламаны жоюға, атауын өзгертуге,

орнын ауыстыруға және өткізіп жіберуге болады.



Жою

Бағдарлама таңдау үшін ▼▲ түймелерін пайдаланыңыз.

Таңдалған бағдарламаны жою үшін қызыл түймені басыңыз.



Атауын өзгерту

Бағдарламаның атауын өзгерту үшін бағыттағышты оған жылжытып, жасыл түймені басыңыз.

Таңбаларды таңдау үшін ▼▲ түймелерін пайдаланыңыз. Бағыттағышты жылжыту үшін ▶ түймелерін басыңыз.

Реттеу режимінен шығу үшін МЕНЮ түймесін басыңыз, менюден шығу үшін ҚАЙТУ түймесін басыңыз.

Ескерту: арна атауының ұзындығы бес таңбадан артық болмауы тиіс.



Орнын ауыстыру

Бағыттағышты қажетті бағдарламаға жылжытып, сары түймені басыңыз, экранға сары бағыттағыш шығады, бағдарламаны жылжыту үшін ▼▲ түймелерін басыңыз.



Өткізіп жіберу

Бағдарламаны таңдау үшін ▼▲ түймелерін таңдаңыз, одан кейін таңдалған бағдарламаны өткізіп жіберу үшін көгілдір түймені басыңыз. Оң жақта ⌚ белгісі пайда болады.

Өткізіп жіберген бағдарламаны таңдау үшін, өткізіп жіберуден бас тарту мақсатында көгілдір түймені қайта

басыңыз. Сонда  белгісі жоғалады.


5). Бағдарламалық жасақтаманы жаңарту (USB):
Теледидардың бағдарламалық жасақтамасын USB көмегімен жаңартыңыз.

2. КЕСКІН МЕНЮІ

МЕНЮ-дің екінші пункті – КЕСКІН МЕНЮІ.

Бұл жерде кескіннің контраст, жарқындық және т.б. әсерлерін баптауға болады.

▼▲ түймелерін – баптау параметрлерін таңдау, одан кейін OK түймесін – таңдауды растау, ал ◀▶ түймелерін таңдалған параметрлерді өзгерту үшін басыңыз.



ЕСКЕРТУ:


- 1). Түсті баптау функциясы тек NTSC жүйесінде бар.
- 2). Түс температурасының төрт режимі бар: орташа, жылы, суық және пайдаланушы.
- 3). Экранды тек компьютер қосу кезінде баптауға болады. Бұнда көлденең және тік орналасуды, өлшемді және фазаны реттеуге болады.

3. ДЫБЫСТЫ БАПТАУ МЕНЮІ

МЕНЮ-дің үшінші пункті – ДЫБЫСТЫ БАПТАУ МЕНЮІ.

Бұнда жоғарғы дыбыс жиіліктерің, төменгі дыбыс жиіліктерің, дыбыстық балансты және т.б. баптауға болады.

▼▲ түймелерін – баптау параметрлерін таңдау, OK түймесін – растау, ал ◀▶ түймелерін таңдалған параметрлерді өзгерту мақсатында пайдаланыңыз.



ЕСКЕРТУ:

Дыбысты автоматты баптау функциясы кіріс сигнал


күші шамадан тыс жоғары болғанда немесе дыбыс бұзылғанда ғана қатынаулы болады.

4. УАҚЫТТЫ БАПТАУ МЕНЮІ

МЕНЮ-дің төртінші пункті – УАҚЫТТЫ БАПТАУ МЕНЮІ.

Бұнда сағатты баптауға, экран сағатын көрсетуге немесе жасыруға, өшіру таймерін баптауға және т.б. әрекеттер орындауға болады.

▼▲ түймелерін – баптау параметрлерін таңдау, OK түймесін – растау, ал ◀▶ түймелерін таңдалған параметрлерді өзгерту мақсатында пайдаланыңыз.



ЕСКЕРТУ:


Егер 15 минут бойы сигнал жоқ болса, теледидар автоматты түрде ұйқы режиміне ауысады.

Теледидарды қорек көзінен ажыратқаннан кейін уақыт нөлденеді.

5. ПАРАМЕТРЛЕР МЕНЮІ

МЕНЮ-дің бесінші пункті – ПАРАМЕТРЛЕР МЕНЮІ.

Бұнда экран менюінің тілін баптауға, зауыттық баптауларды қалпына келтіруге, фондық экранды, экран менюі теңшелімін және телемәтін тілін баптауға болады.




ЕСКЕРТУ:

Зауыттық баптауларды қалпына келтіргенде барлық бағдарламалар жойылады және бастапқы баптаулар қалпына келтіріледі.

6. USB ФУНКЦИЯСЫ

Сигнал көзінің менюіне кіріп, USB параметрін таңдаңыз, одан кейін OK түймесін басыңыз, сонда экранда USB менюі пайда болады.



USB құрылғылары ұяға енгізілгеніне көз жеткізіңіз. Таңдауыңызға төрт режим ұсынылады: Фото, Музыка, Видео және Мәтін. Қажетті режимді ◀ түймелерінің көмегімен таңдап, диск таңдау менюіне кіру үшін ОК түймесін басыңыз.

Фильм қарау режимінде бейне мен дыбысты синхрондау мақсатында алдыға не артқа айналдыру функциясын пайдалансаңыз, дыбыс бірнеше секундқа жоғалып кетуі мүмкін.


Мәтіндерді қарау режимінде беттерді айналдыру үшін ◀▶ түймелерін пайдаланыңыз.

ЕСКЕРТУ:

Егер USB құрылғысы қолдалмайтын болса, мұның себебі құрылғы зарядының жеткіліксіздігінде болуы мүмкін.



Қажетті дискіні таңдау үшін ◀▶ түймелерін пайдаланыңыз, одан кейін файлдар мен қалталарды көрсету үшін ОК түймесін басыңыз немесе режим таңдау менюіне оралыңыз.



◀▶ немесе ▼▲ түймелерін пайдалану арқылы файлды таңдаңыз, сонда экранда алдын ала қарау терезесі пайда болады. Таңдалған файлды толық экран режиміне шығару үшін ▶ түймешігін басыңыз. Файлдармен (фотосуреттер, музыкалық файлдар, фильмдер немесе мәтіндік файлдар) жұмыс істеу барысында басқару панелін ОК түймешігінің көмегімен шығаруға болады.



Музыкалық файлды ойнату үшін файлдың өзі мен сурет бір қалтада орналасуы керек.


Функцияны таңдау үшін ◀▶ түймелерін пайдаланыңыз, одан кейін таңдауыңызды растау үшін ОК түймесін басыңыз.

Басқару панелінен шығу үшін ▼ түймесін немесе ОРАЛУ түймесін пайдаланыңыз.

ЕСКЕРТУ:

Аудиожазба, субтитрлер немесе бағдарламалар параметрлерін видеофайлды ойнату барысында Ақпарат менюінде реттей аласыз.

Ақпарат (Info) белгішесін таңдап, Ақпарат МЕНЮ-ін шақыру үшін ОК түймесін басыңыз.



«ҚОНАҚҮЙ» РЕЖИМІ:

«Қонақүй» режимін белсендіру үшін сигнал көзін таңдау түймесін басып, одан кейін "1001" сандық кодын енгізіңіз.

Hotel Menu	
Hotel Mode	OFF
Panel key lock	OFF
Max volume	100
Start Source	TV
Start Channel	1
Setup Menu display	Yes
Input source change	Yes
Save To USB	
Loading	
Volume default	0

«Қонақүй» режимінің менюі: Режимге қосұлы/өшірулі күйін таңдайсыз. «Қонақүй» режимі қосұлы болғанда теледидардың келесі функциялары қолжетімді болмауы мүмкін:

- Автоматты баптау
- Түс температурасын баптау
- Балансты баптау
- Дыбысты баптау режимі
- Дыбысты автоматты баптау
- Өз бетіңізбен баптау:
- Сағат

Түймелерді бұғаттау: түймелерді бұғаттау режимін белсендіргенде түймелер бұғатталады.

Максималды дыбыс: максималды дыбыс шегін орнатыңыз. Бұл функция максималды дыбыс шегін орнатуға мүмкіндік береді.

Сигналдың бастапқы көзі: сигнал көзін келесі ықтимал көздер арасынан таңдаңыз: TV (теледидар)/ Video (Видео)/ Component (Компонентті видеосигнал)/ PC (Компьютер)/ HDMI. немесе түймесін қажетті сигналды таңдау үшін пайдаланыңыз.

Бастапқы арна: Теледидарды қосқандағы бастапқы болатын арнаның номерін теледидар қарау режимінде таңдауға болады. немесе түймесін арна номерін таңдау үшін пайдаланыңыз.

Орнату менюін көрсету: негізгі менюді бұғаттау, күй жолында «No» параметрі таңдалса, негізгі меню көрсетілмейді.

Кіріс сигналының көзін ауыстыру: функцияны бұғаттау, егер күй жолында «No» таңдалса, көзді өзгерту мүмкін болмайды.


USB-ге сақтау: теледидардың барлық баптауларын

USB-дискіге сақтаңыз (дискідегі сақтық көшірме атауы DATABASE.bin болады).

Жүктеу: USB-дискіге сақталған баптауларды қайта орнатыңыз. Қайта орнату аяқталғанда теледидар өшіп, қайта қосылады.

Әдепкі дыбыс деңгейі: әдепкі дыбыс деңгейі функциясын қосыңыз, қажетті дыбыс деңгейін таңдау үшін немесе түймесін пайдаланыңыз.

05 Ақаулықтарды анықтау және жою

АҚАУЛЫҚ БЕЛГІСІ				ПРОВЕРКА
КЕСКІН		ДЫБЫС		
	«Қар жауып тұр»		Шу	Антенна орналасуы, бағыты және қосылымы
	Анық емес		Қалыпты	Антенна орналасуы, бағыты және қосылымы
	Кедергілер		Шу	Электр жабдығы, автомобиль/ мотоцикл, флуоресцентті жарық
	Қалыпты		Жоқ	Дыбыс деңгейі (дыбыссыз режим қосылмағанын және аудиожүйенің дұрыс қосылғанын тексеріңіз)
	Жоқ		Жоқ	Қорек бауы қосылмағанҚорек жоқ. Контрасттылық пен жарқындық/дыбыс деңгейі баптауларыТексеру үшін күту режимін қосу түймесін басыңыз
	ақ-қара		Қалыпты	Түсті бақылау
	кескін жоқ		Қалыпты немесе нашар	Арнаны қайта баптаңыз
	ақ-қара		Шу	Телевизиялық жүйе
	Жоғарғы және төменгі жағындағы қара рама		Қалыпты	Кескінді үлкейтіңіз

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР

Кескін жүйесі	PAL-B/G,I,D/KSECAM-B/G,D/K,L,L'
Дыбыс жүйесі	BG, DK, I, L, L'
Видеосигнал енуі	SCART, YPbPr, AV,VGA, HDMI, USB
Ү/Pb/Pr	480i/p, 576i/p, 720p, 1080i, 1080p
HDMI	480i/p, 576i/p, 720p, 1080i, 1080p
Қорек	220-240В~50Гц
Электр қуатын тұтынуы	38Вт(22')
Аудиосигнал енуі	2x3Вт
Электр қуатын үнемдеу режимінде тұтынуы	<0.5Вт
Температура және ылғалдылық	Жұмыс температурасы: +5 С - +35 С Жұмыс ылғалдылығы: 20% - 80% Сақтау температурасы: -15 С - + 45 С Сақтау ылғалдылығы: 5% - 90%
Жинақталуы	Пайдалану бойынша нұсқаулық ҚБ пульті Екі батарея Пайдалану жөніндегі қысқаша нұсқаулық
Салмағы	Түпқоймасыз: 2,9 кг. Түпқоймамен бірге: 3,3 кг.
Көлемі:	Түпқоймасыз: 518 x 50 x 322 Түпқоймамен бірге: 518 x 160 x 363

- Осы теледидардың берілген техникалық параметрлері тек таныстыру мақсатында ұсынылады. Техникалық сипаттамалары жаңарылуы мүмкін. Дизайны мен техникалық сипаттамалары алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

SCART ҰЯСЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ:

1. ATV/AV/SCART көзі пайдаланылғандағы scart кіріс сигналы – ATV.
2. DTV көзі пайдаланылғандағы scart кіріс сигналы – DTV.
3. Басқа көздердің scart кіріс сигналы болмайды.

Haier

Филиалы Изготовителя (код филиала
Изготовителя указан на Изделии):

- A** «Haier Overseas Electric Co., Ltd.»,
Китай
Haier Group, Haier Industrial Park,
No 1, Haier Road, Hi-tech Zone,
266101, Qingdao, P.R. China
- B** «Haier Electrical Appliances Corp.,
LTD., Ltd.»
Haier Group, Haier Industrial Park,
No 1, Haier Road, Hi-tech Zone,
266101, Qingdao, P.R. China
- C** «Haier Italy Appliances S.p.A.»,
Италия
ViaCeresone2/B, 35010 Campodoro
(PD), Italy
- D** «Haier Appliances (India) Pvt., Ltd.»,
Индия
B-3, Ranjangaon Growth Centre,
MIDC Ranjangaon, Tal: Shirur, Dist:
Pune, Maharashtra State, India

Өндіруші филиалдары (Өндіруші
филиалының коды Бұйымда көрсетілген):

- A** «Haier Overseas Electric Co., Ltd.»,
Қытай
Haier Group, Haier Industrial Park,
No 1, Haier Road, Hi-tech Zone,
266101, Qingdao, P.R. China
- B** «Haier Electrical Appliances Corp.,
LTD., Ltd.»
Haier Group, Haier Industrial Park,
No 1, Haier Road, Hi-tech Zone,
266101, Qingdao, P.R. China
- C** «Haier Italy Appliances S.p.A.»,
Италия
ViaCeresone2/B, 35010 Campodoro
(PD), Italy
- D** «Haier Appliances (India) Pvt., Ltd.»,
Үндістан
B-3, Ranjangaon Growth Centre,
MIDC Ranjangaon, Tal: Shirur, Dist:
Pune, Maharashtra State, India

Изготовитель:

HAIER ELECTRICAL APPLIANCES CORP.,LTD
«Хайер Электрикал Апплиансес Корп. Лтд.»

Адрес Изготовителя:

Haier Group, Haier Industrial Park, No 1, Haier Road,
Hi-tech Zone, 266101, Qingdao, P.R. China

Хайер Индастриал Парк, Хайер Род, Хай-тех
Зоне, Циндао, 266101, КНР

Импортер:

ООО Торговая компания «Хайер Рус»

Адрес Импортёра:

121099, Москва, Новинский б-р, д. 8, оф. 1601,
БЦ Лотте Плаза

Өндіруші:

HAIER ELECTRICAL APPLIANCES CORP., LTD
«Хайер Электрикал Эпплайэнсес Корп. Лтд.»

Өндіруші мекенжайы:

Haier Group, Haier Industrial Park, No 1, Haier Road,
Hi-tech Zone, 266101, Qingdao, P.R. China

Хайер Индастриал Парк, Хайер Роуд, Хай тек

Импорттаушы:

«Хайер Рус» сауда компаниясы ЖШҚ

Импорттаушы мекенжайы:

121099, Мәскеу, Новинский б., 8-үй, 1601, «Лотте
Плаза» бизнес-орталығы